

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы «Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бойынша

Қызылорда қаласы

30 мамыр 2025 жыл

Кіріспе бөлім:

1. «Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК-ның (бұдан әрі - Орталық) жалпы клиникалық бөлімінің қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бекітілген әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы директорының 2025 жылғы 24 сәуірдегі №275/1 бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

Турсунов Аман Буkenбаевич	Директордың аудит жөніндегі орынбасары, топ жетекшісі;
Альназарова Актоты Шарипбаевна	Директордың психиатриялық қызметі жөніндегі орынбасары, топ мүшесі;
Нурпейсов Нұрлан Базарбаевич	Жалпы клиникалық бөлімнің меңгерушісі, топ мүшесі;
Шуренорва Шынаркуль Сулейменовна	Заңгер, топ мүшесі;
Сейтбаев Қайрат Муханбеталиевич	Бас мейіргер, топ мүшесі.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауымен 2025 жылдың қаңтар-мамыр кезеңі қамтылды.
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2025 жылы мамыр айының 19-26 аралығында жүргізілді.
6. Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы ШЖҚ КМК – ның директорының наркологиялық қызметі жөніндегі орынбасары А.Б.Турсуновқа топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктеледі.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Жалпы клиникалық қызмет бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет бойынша нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәліметтер:

Қызылорда қаласы F.Мүсрепов №71 мекен-жайда орналасқан. «Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК-ның амбулаториялық қызметті атқарады. Қазіргі таңда Қызылорда облысы бойынша Орталықта наркологиялық сырқат бойынша 5935 науқас, психиатриялық сырқаттар бойынша 9999 науқас, тұрғылықты тіркелген және сол тұрғындарға яғни, ересектер мен балаларға психиатриялық және наркологиялық қызмет көрсетеді.

- Жалпы клиникалық бөлім ересектерге, балалар мен жасөспірімдерге мына мамандықтар бойынша халыққа көмек көрсету;
- кеңестік-диагностикалық медициналық көмек;
- психиатрия;
- психотерапия;
- наркология.

II. Орталықтың жалпы клиникалық бөліміне, оның ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы Қазақстан Республикасының Кодекстерін, заңдарын, нормативтік құқықтық актілерін, Диспансердің ережесін зерделеді.

Орталықтың жалпы клиникалық бөлімі келесідей нормативтік құқықтық актілерін пайдаланылады:

1) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі;

2) «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексі;

3) «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Кодексі;

4) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. Заңы;

5) «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы;

6) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңы;

7) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығы.

Нормативтік құқықтық актілермен талдау жүргізу нәтижесінде мынандай қызметтердің процестерін реттеу бойынша құқықтық олқылықтар байқалуда:

1. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша берілетін «Электронды үкімет веб-порталынан» алынатын немесе жеке тұлғаның E.GOV электронды жеке парақшасынан алынатын наркологиялық және психиатриялық диспансерде есепте тұратындығы немесе тұрмайтындығы анықтамаға Ішкі істер органдарына және Төтенше жағдайлар комитетіне азаматтардың жаңадан жұмысқа тұру барысында E.GOV электронды жеке парақшасынан алынған қағаз түріндегі анықтамаға, Орталықтың жалпы клиникалық бөлімде наркологиялық және психиатриялық есепте 5 жыл көлемінде есепте тұрғандығы немесе тұрмағандығы жөнінде мөрлеп анықтама беруді талап етілгендіктен. 2025 қаңтар-мамыр айларында 93 анықтама берілген. Бұл аталған анықтаманы беру тәртібі, регламенті және нысаны нормативтік актілермен бекітілмеуі сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін тудырады.

ҰСЫНЫС:

1. Диспансерлік есепте тұратындығы немесе тұрмайтындығы туралы анықтаманы автоматтандырылған жүйедегі қолдану бойынша Ішкі істер органдарына және Төтенше жағдайлар комитетіне ұсыныс беру. Яғни «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша берілетін «Электронды үкімет веб-порталынан» алынатын немесе жеке тұлғаның E.GOV электронды жеке парақшасынан алынатын наркологиялық және психиатриялық диспансерде есепте тұратындығы немесе тұрмайтындығы анықтаманы толықтай заң шеңберінде пайдалану немесе қатынас хаттар негізінде күмән келтіретін азаматтарға сұранымдарды жасауға.

III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Кадрлық құрам бойынша.

Жалпы клиникалық бөлімде 1,0 штаттық бірлікте меңгеруші, 19,5 штаттық бірлікте дәрігерлер, 33,5 штаттық бірлікте орта буын медициналық қызметкер, 6,25 штаттық бірлікте психолог, 11 штаттық бірлікте кіші медициналық қызметкерлер. Кадр мәселесі бойынша қызметкерлерді

жұмысқа (дәрігерлер, орта және кіші буын медицина қызметкерлері) қабылдау саласына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

Қазіргі таңда жұмысқа орналасу электрондық форматқа көшірілген, бос жұмыс орындары «электрондық еңбек биржасына» орналастырылады (enbek.kz).

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 2-тармағына сәйкес, жалпы клиникалық бөлімнің бос жұмыс орындары enbek.kz сайтта ашық жариялануда, бос жұмыс орындары пайда болған кезде кадр бөлімі арқылы жергілікті жұмыспен қамту орталықтарына ақпарат беріп отырады.

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.

Тәртіптік шаралар бойынша Орталықтың жалпы клиникалық бөлімінде 2025 жылғы қаңтар-мамыр айлары есебі бойынша 1- тәртіптік шаралар қаралған.

1. Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығының ШЖҚ КМК-ның 04.03.2025 жылғы №53-ж санды бұйрық бойынша ҚР ЕК 52 бабы 1 тармағының 16) тармақшасы негізінде Жалпы клиникалық бөлімнің аймақтың мейіргері З.Шорабаевамен еңбек шартын бұзу шарасы қолданылған.

Жалпы клиникалық бөліміне Орталықтың бас мейіргері Қ.Сейтбаевпен орта буын мен кіші буын медициналық қызметкерлерге «медициналық этика және дионтология» бойынша тренинг және түсіндірме жұмыстарын үнемі жүргізіліп отырады. Орталық директорының аудит жөніндегі орынбасары Г.Ж.Алтынбасова бөлімшелердің қызмет сапасын, қызметкерлердің кадрлық жүйесін үнемі бақылауда ұстайды.

Кадр мәселесін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

IV. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Жалпы клиникалық бөлімде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

V. Мемлекеттік қызмет көрсету.

Жалпы клиникалық бөлімде мемлекеттік қызмет көрсетілмейді. Алайда, **E.GOV** электронды порталы арқылы науқастарға немесе келушілерге арналған мемлекеттік қызмет алу үшін **E.GOV** бұрыштамасы жасалған. Әрбір келушіге немесе науқастарға жұмыс уатықында бұрыштама арқылы қызмет алуға жағдай жасалған(алынатын қызметке қағаз түрінде шығару үшін принтер және жеке куәлікпен кіру үшін картридер құрылғысы қарастырылған).

VI. Рұқсат беру функцияларына іске асыру.

Жалпы клиникалық бөлімде тікелей рұқсат беру функциясы қарастырылмаған.

VII. Бақылау функцияларын іске асыру.

Жалпы клиникалық бөлімде бақылау қадағалау функциялары жүзеге асырылмайды.

VIII. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

2025 жылғы қаңтар-мамыр айлары есебі бойынша 82099121 теңге көлемінде қаражат орталықтың бюджетіне толықтырылды, сонын ішінде төмендегі қызметтер бойынша

Денсаулық сақтау басқармасымен бекітілген прайскуранттық баға негізінде ақылы:

- жалпы қан анализі;
- жалпы зәр анализі;
- қандағы глюкоза;
- жалпы халестиринді анықтау;
- газохраматографиялық әдіспен қандағы алкогольді анықтау;
- газохраматографиялық әдіспен зәрдегі алкогольді анықтау;
- 8 компоненттік экспресс тест арқылы биологиялық материалдан ісірткі мен алкогольді анықтау;
- 10 компоненттік экспресс тест арқылы биологиялық материалдан ісірткі мен алкогольді анықтау;
- алкометр құралымен медициналық сараптама жасау;
- нарколог дәрігердің кеңес беруі;
- психотерапевт дәрігердің кеңес беруі;
- психиатр дәрігердің кеңес беруі;
- психологтың кеңес беруі;
- электрокардиографиямен тексеру;
- эхоэнцефалографиямен тексеру;
- жазбаша өтінішке бойынша анықтама беру.

IX. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Орталықтың әлеуметтік желілі қарастырылған.

- 1) <https://files.medelement.com/uploads/co/921941551532930094/documents/80a0fa62a6f2aac2da87763ec06cccd.pdf>
- 2) <https://files.medelement.com/uploads/co/921941551532930094/documents/d62036578dddc9b9140eea49dc3bac0a.pdf>
- 3) <https://files.medelement.com/uploads/co/921941551532930094/documents/fe1ce15796ca562c39171cb5dbdeee37.pdf>
- 4) <https://files.medelement.com/uploads/co/921941551532930094/documents/5a7a16933d293738cf4f824dd2539379.pdf>

Талдау нәтижесі бойынша Орталықтың жалпы клиникалық бөлімінде қолданылатын нормативтік – құқықтық актілерде және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тудыратын сәйкестіктерді жою бойынша.

ҰСЫНЫМДАР:

1. Диспансерлік есепте тұратындығы немесе тұрмайтындығы туралы анықтаманы автоматтандырылған жүйедегі қолдану бойынша Ішкі істер органдарына және Төтенше жағдайлар комитетіне ұсыныс беру. Яғни «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша берілетін «Электронды үкімет веб-порталынан» алынатын немесе жеке тұлғаның E.GOV электронды жеке парақшасынан алынатын наркологиялық және психиатриялық диспансерде есепте тұратындығы немесе тұрмайтындығы анықтаманы толықтай заң шеңберінде пайдалану немесе қатынас хаттар негізінде күмән келтіретін азаматтарға сұранымдарды жасауға.

Жоғарыда көрсетілген ұсынымдар бойынша Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасы арқылы Қазақстан Республикасы Денсаулық министрлігіне ұсынымдарды қолданыстағы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39НҚ бұйрығына қосымшалар енгізу.

Жұмыс тобының жетекшісі:



А.Б.Турсунов

Жұмыс тобының мүшелері:



А.А.Альназарова



Н.Б.Нурпейсов



Ш.С.Шуренова



Қ.М.Сейтбаев